

ORGANIZATION OF AUDITING OF INTELLECTUAL PROPERTY

For sustainable economic development of Kazakhstan, tasks have been set to increase its competitiveness through effective protection and use of intellectual property aimed to strengthen export potential of enterprises, incl. agricultural sector. It is viewed as an important resource for innovative development, trade policy tool. The article outlines its distinctive feature, which lies in the fact that it is one of the main components of intangible assets of agro-industrial production. The aims of auditing of authorship works, objectives of auditing of intellectual capital, and its stages have been determined. The information obtained as a result of financial statements is systematized and analyzed. The principle of accounting of intangible assets, methods of their assessment and the value of subject of exclusive rights are shown. It is noted that enterprises, including agricultural enterprises, prepare financial statements in accordance with international standards. If violations are detected, the auditor develops recommendations for their elimination, as well as measures aimed to improve control in order to prevent such situation in the future. The authors state that in modern conditions it is impossible to achieve the goals of innovation and competitive advantages without using intellectual property. In scientific publications of recent years, these issues are described superficially, which is explained by the lack of methodological developments and practical experience in assessment, accounting and control.

Ключевые слова: аудит, интеллектуальная собственность, хозяйствующие субъекты, автоматизация, консалтинг, нематериальные, долгосрочные активы, оценка, учет, контроль, инновационная деятельность.

Key words: audit, intellectual property, business entities, automation, consulting, intangible, long-term assets, valuation, accounting, control, innovation.

мыту ерекше маңызға ие болып отыр. Экономиканы цифрландыру табыс әкелгенімен, жұмыс күшінің көптеп босап қалу қаупін де тудырады. Босайтын жұмыс күшін еңбекпен қамту үшін келісілген саясатты алдын ала тиянақтау керек. Білім беру жүйесін, коммуникация мен стандарттау салаларын жаңа индустрияландыру талаптарына бейімдеу қажет болады. 2018 жылы «цифрлық дәуір» өнеркәсібін қалыптастыруға арналған индустрияландырудың үшінші бес жылдығын әзірлеуге кірісу керек» делінген болатын.

Осыған орай сандық технологияға көшу, жаңа ІТ университеттер ашу еліміздің даму бағыттарының бірі ретінде қарастырылып отырғаны белгілі. Экономиканың қарқынды дамуы кезінде зияткерлік капи-

талдың үлесі кейбір компанияның жалпы активтер қатарында басым үлесіне ие болып отырғаны жасырын емес. Бухгалтерлік есепте материалдық емес активтер құрамында көрініс тауып, есебін халықаралық қаржылық есеп стандарттарына сай ұйымдастырудың қажеттілігі мен оның шығындық тәсілді пайдалана отырып бағалауы маңызды болса, осы есептің заңдылығын аудиторлық тексеру арқылы қамтамасыз ете аламыз.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Осы жұмысты орындау барысында жүйелі және салыстырмалы талдау, себеп салдар байланысының талдауы, бақылау, салыстыру мен топтастыру, сонымен қатар ғылыми танымның индуктивті және дедуктивті әдістері қолданылады.

Заманауи экономиканың жоғары қарқынмен дамуы жағдайында материалдық емес активтер, соның ішінде жаңа технологияларды енгізу, патенттер мен лицензиялар, жақсы беделі бар компаниялардың тауар белгілері, авторлық құқықтар және басқа материалдық емес активтер кәсіпорынның активтерінің ең маңызды құрамдас бөліктерінің біріне айналуға, тіпті кейбір жағдайда оның барлық материалдық активтерінен асып түседі. Айқын мысал ретінде қызметі бағдарламалық қамтамасыз етумен байланысты компанияларды, ғылыми-зерттеу институттарын немесе әйгілі тауар белгілерін иеленген компанияларды айтуға болады. Жалпы, қазіргі уақытта зияткерлік меншік нарығын қалыптасушы нарық деп сипаттауға болады.

Зияткерлік меншіктің жекелеген элементтері үшін, әсіресе жасалған материалдық емес активтер үшін, зерттеу мен өңдеу бойынша шығыстардың өзі табиғатында инвестиция болып табылады, яғни әділ құнын шығыстық әдіс бойынша анықтаған орынды, өйткені қазіргі экономикалық жағдайда қысқа уақыт аралығында оның бағасының жылдам әрі жиі ауытқуы мүмкін [1].

Нәтижелер және оларды талқылау.

Аталған мәселені шешу үшін аудитте кәсіпорынға келіп түскен объектілерді қайта бағалауды көрсету үшін нәтижесіне интернет арқылы баға мониторингі үнемі жүргізілетін мәліметтер базасын қалыптастыру қажет деп санаймыз.

Ал материалдық емес активтердің амортизациясын есептеуді тексере отырып, келесіні есепке алу керек, егер олар ұзақ уақыт қолданылатын болса, онда олардың құны жаңадан құрылатын өнімге аударылады. Осының нәтижесінде олар-

дың тозуының бір бөлігі орнатылған нормалар бойынша тек қана бір айырмашылық болмаса, олар физикалық қалпы жоқ, олар негізгі құралдар сияқты өндіріс циклына жатқызылады, яғни өзіндік құнына жатқызылады. Сондықтан, аудитор бастапқы құжаттарды мұқият тексереді, олар материалдық емес активтерге тиісті екендігін дәлелдейтін құжаттар болып табылады: ҰЗА-1 – Материалдық емес активтерді қабылдау-тапсыру актісі; ҰЗА-2 – Материалдық емес активтерді есепке алу карточкасы және басқа да құжаттар: өнеркәсіптік үлгіге құқық, өнер тапқыштыққа құқық, тауарлық белгіге құқық, ноу-хауға құқық, ЭЕМ үшін бағдарламаға құқық, интегралдық схемалардың технологиясына құқық, ғылыми шығармашылыққа авторлық құқы, жер қазбаларын пайдалану құқығы және т.б. [2].

Материалдық емес активтер есептен дұрыс шығарылғанда олардың баланстық (қалдық) құнына 7410 – «Материалдық емес активтерді сату бойынша шығындар» шоты дебеттеліп, 2730 – «Өзге материалдық емес активтер» деп аталатын бас шоттың тиісті бөлімше шоттары кредиттелінуі тиіс. Ал оларға есептелінген жинақталған тозу сомасы 2740 – «Материалдық емес активтердің тозуы» деп аталатын бас шоттың тиісті бөлімше шоттарының дебетіне, 2730 – «Материалдық емес активтер» деп аталатын шоттың тиісті бөлімше шоттарының кредитінде көрініс табуы тиіс [3].

Егер шаруашылық субъектілері өз меншігіндегі, яғни иелігіндегі материалдық емес активтерін сатқан жағдайда одан алынатын табыстарын «Ақша қаражаттары» немесе «Материалдық емес активтер», «Дебиторлық борыштар мен басқадай активтер» бөлімдері шоттарының тиістілер дебетіне, 6210 – «Материалдық емес активтерді сатудан алынатын табыс» шотының кредиті бойынша жазылғанына көз жеткізуіміз қажет.

Әлемдік технологиялық алмасу кезеңінде зияткерлік меншік, жаңа жасалымдар мен технологиялар, өнертабыстар, өнеркәсіптік үлгілер, ЭЕМ үшін бағдарламалар мен деректер базаларын игеру және беру негізінде басты құндылық болып табылады.

Зияткерлік меншік объектілеріне келесі ерекшеліктер тән:

- ◆ заттай нысанның болмауы;
- ◆ пайдалылығы;
- ◆ алуан түрлілігі, дірегейлігі, өзіндік ерекшелігі;
- ◆ мерзімділігі;
- ◆ тозуы;

- ♦ басқару қажеттілігі;
- ♦ өтімділіктің дәрежесінің төмендігі [4].

Зияткерлік меншікті бағалау қажеттілігі сату-сатып алу мәмілелерін түзген жағдайда немесе зияткерлік меншікті пайдалану құқығына лицензиялық келісім түзген жағдайда, құқық иеленушінің зияткерлік меншігін заңсыз пайдалануға байланысты өтеу шығындарының көлемін анықтаған жағдайда пайда болады. Кәсіпорын тәжірибесінде зияткерлік меншік, көбінесе, компанияны қайта бағалау (акцияларды бағалау) кезінде материалдық емес активтерді есепке алу түрінде жүзеге асырылады. Жарғылық капиталда зияткерлік меншікті пайдалану кәсіпорынға және оның авторлары – құрастырушыларға елеулі тәжірибелік басымдылықтар алуға мүмкіндік береді, олар: жарғылық капиталда материалдық емес активтердің амортизациясы және оларды нақты ақша қаражаттарымен алмастыру (зияткерлік меншікті капиталдандыру). Бұл жағдайда амортизациялық төлемдер заңды негізде кәсіпорынның иелігінде қалады, өнімнің өзіндік құнына қосылады және одан табыс салығы алынбайды; ақша қаражаттарын жырымдамайтын көлемі елеулі жарғылық капитал қалыптасады, сонымен, қайта бағалау нәтижесінде банктік несие алу және инвестиция салу ықтималдығы артады (зияткерлік меншікті, кәсіпорынның басқа мүліктерімен қатар, несие алу кезінде кепілі нысаны ретінде пайдалануға болады); авторлар мен кәсіпорындардың – зияткерлік меншік иелерінің үлестік немесе дербес фирмалар ұйымдастыру кезінде, ақша қаражаттарын бөлмей-ақ, құрылтайшы (меншік иелері) ретінде мүмкіндіктерін кеңейтеді; зияткерлік меншік нысандарын пайдалану құқығын беру есебінен қосымша табыс алу, сонымен қатар кәсіпорынның инновациялық қызметінің өнімдеріне баға белгілеуді, оларды пайдалану құқығын беру көлеміне байланысты, негізделген реттеуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде зияткерлік меншікті бағалау компанияларының қызметіндегі ең белгісіз бағыттарының бірі болып табылады. Зияткерлік меншік жаңа құрастырылымдардың негізін құрайды және жаңа технологияларды беру мен игеруде негізгі құндылық болып табылады, жаңалықтар, өнеркәсіптік үлгілер, бағдарламалар және ЭЕМ үшін мәліметтер базасы және т.б. ретіндегі өнімдер әлемдік технологиялық алмасуда үлкен орын алады. Зияткерлік меншік нысандарына меншік құқығына ие кәсіпорындардың, зияткерлік меншікті сауатты пайда-

ланған жағдайда, экономикалық табысқа қол жеткізу мүмкіндігі бар, зияткерлік меншік жарғылық қорға төленетін жарна ретінде пайдаланылуы мүмкін, бұл ақша қаражаттарын шектемей мөлшері елеулі жарғылық қор қалыптастыруға және сол арқылы кәсіпорынның инвестициялық мүмкіндіктерін арттыруға мүмкіндік береді [4].

Материалдық емес активтер бухгалтерлік есепте бастапқы құн бойынша есепке алынады. Амортизацияланатын материалдық емес активтердің бастапқы құны шығыстар құрамында ескерілетін, салықтардың сомаларын қоспағанда, пайдалану үшін жарамды жағдайға жеткізу және оларды сатып алуға (құру) шығындар сомасы ретінде анықталады.

Ұйымның өзімен құрылған материалдық емес активтердің құны шығыстар құрамында ескерілетін салықтардың сомаларын қоспағанда оларды құру, дайындау (соның ішінде материалдық шығындар, еңбекақы төлеуге жұмсалатын шығыстар, басқа ұйымдардың қызметтеріне шығыстар, патенттерді, куәліктерді алуға байланысты патенттік баж) шығыстардың нақты сомасы ретінде анықталады. "Зияткерлік меншік объектілері және материалдық емес активтердің құнын бағалау" стандартын бекіту туралы 5 мамыр 2018 жылғы №519 бұйрыққа сай зияткерлік меншік объектілерін және материалдық емес активтерді бағалау нақты объектінің, бағалауды тағайындау және сенімді ақпараттың болуына байланысты табыстық, салыстыру және шығыстық тәсіл әдістерімен орындалады. Үш тәсілдің барлығы нарықтық болып табылады, яғни зияткерлік меншік объектілері мен материалдық емес активтерді бағалау кезінде нарықтық ақпарат пайдаланылады [4].

Осы бұйрыққа сай зияткерлік меншік объектілері және материалдық емес активтердің құнын бағалауда үш тәсіл қолданылады:

- табыстық тәсіл әдістері;
- шығындық тәсіл әдісі;
- салыстырмалы талдау әдісі.

Материалдық емес активтерге зияткерлік меншік (лицензиялық және авторлық шарттар) пайдалану шарттары бойынша алынған мүліктік құқығын да жатқызуға болады [5].

Қазіргі уақытта компаниялар өз есептілігін Халықаралық қаржылық есеп стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес құрастырады. Халықаралық стандарттарды пайдалану туралы көп жазылған, сондықтан халықаралық стандарттар бойынша зияткерлік

меншік объектілері есебін жүргізу және есептілікті құрастыруға шешім қабылдаған компаниялардың алдынан шығуы мүмкін мәселелерге және оларды қалай жеңуге болатындығына толығырақ тоқталамыз.

Ең алдымен, ұйымның материалдық емес активтері критерийлер негізіне барлық активтерге жалпы өлшемдерді алады. Олар қаржылық есеп беруді ҚЕХС сәйкес дайындау және ұсыну қағидаларында көрсетілген. Егер бір уақытта екі шарт орындалатын болса: болашақта активтерді қоданудан ұйым экономикалық табыстар алуына үлкен ықтималдылық болса; активтердің құны сенімді бағаланса, активтер компания балансына енгізіледі. Сонымен қатар, ҚЕХС 38 сәйкес материалдық емес актив – физикалық үлгісі жоқ және тауар өндірісінде қоланылатын, идентификацияланатын ақшалай емес актив. Стандартта актив ретінде ұйым өткен оқиғалар нәтижесінде бақылайтын және одан болашақта экономикалық табыс күтетін ресурстар түсіндірілетіні көрсетілген. Осылайша ҚЕХС 38 материалдық еместігімен қосымша, материалдық емес активтер үш белгісі көрсетіледі: идентификациялануы, компанияның бақылауда болуы, экономикалық табыс әкелу қабілеті [6].

Бизнес жасау кезеңінде әрбір компания көптеген зияткерлік меншік объектілерін пайдаланады. Ендеше осы зияткерлік меншік объектілерінің есебін дұрыс жүргізіп қана қоймай, оның аудитін дұрыс ұйымдастырудың маңызы зор. Осы зияткерлік меншік объектілеріне аудит жүргізу кезінде алдымызға келесідей мақсаттар қойылады:

- кәсіпорын меншігіндегі зияткерлік меншік объектілерінің барлық тізімін анықтау қажет;

- әрбір зияткерлік меншік объектілерін құжаттық рәсімдеуде қандай құқық қорғау формасы (авторлық, патент, коммерциялық) пайдаланылғанын анықтау [7].

Материалдық емес активтердің аудиті ретінде қалыптасуды, іс-жүзіндегі нақты қолда бар, құжаттарда көрсетілудің анық сенімділігін, пайдалы қызмет ету құны мен мерзімін, бағалаудың шынайылығын, амортизациялық есептеуді, істен (есептен) шығарудың негізділігін, есепті ұйымдастыруды, оларды кәсіпорында қолданудың тиімділігін ішкі бақылауды тексеру түсіндіріледі.

Аудитор зияткерлік меншік объектілерін тексергенде 38 ҚЕХС (Қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттары) ҚР-ның «Меншік туралы», «Тауарлық белгілер туралы», «Авторлық құқық туралы» және басқа құқықтық-нормативтік

актілерді басшылыққа ала отырып жүргізеді. Ең алдымен, аудит бағдарламасына сай Бас кітаптың мәліметтеріне баланс көрсеткіштерінің сәйкестігі зияткерлік меншік объектілерінің бар екендігі және оның жағдайы, алу фактісін растайтын материалдық емес активтердің қабылдау-тапсыру актілері, бұл объектілер сипатталған немесе кесімді белгіленген жердегі ақпарат көздері мен өзге құжаттар тексеріледі.

Объектілерді кәсіпорынның пайдалануына жарамды жағдайға келтіруге қажетті шығындар көлемін айқындаудың анықтығы мен материалдық емес активтердің құндық бағалаудың дұрыстығын айқындау керек. Аудитор материалдық емес активтердің алғашқы бағалаудың әр түрлі тәсілдермен анықталатындығын ескергені жөн:

- жарғы капиталына зияткерлік меншік салынған жағдайда;
- тараптардың (құрылтайшы) келісімдері бойынша;
- бұл объектілерді иелікке алу мен дайын жағдайға келтіру бойынша нақты шығындарға негізделі отырып;
- басқа кәсіпорындардан және тұлғалардан өтеусіз алу күйінде сараптама жолымен.

Интеллектуалдық капитал аудиті кәсіпорынның материалдық емес активтерінің талдауын, оларды құжат түрінде рәсімдеуді, оның құнын анықтауды, ағымдағы уақытқа жағдайын тіркеу жүзеге асырылады. Зияткерлік меншік объектілерін талдау кезінде аудит түсінігі дәйексөз, мониторинг және компанияның зияткерлік меншік капиталын үйлестіру ретінде кеңінен түсіндіріледі [8].

Мақаланың тәжірибелік құндылығы кәсіпорынның зияткерлік меншік объектілерінің аудитін ұйымдастыруда туындайтын негізгі мәселелерді анықтауда, сонымен тексерілетін шоттар мен құжаттарды, олардың реттілігін анықтауды айқындап отыр. Аудитті жүргізудегі талдаудың маңызын ашып көрсету болып отыр [9].

Тұжырымдар.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай:

1. Зияткерлік меншік есебінің ары қарай дамуында, сондай-ақ түрлі меншік нысандарындағы кәсіпорындарда тұрақты және бәсекеге қабілетті дамуды қамтамасыз етуде зияткерлік меншіктің рөлі өзекті және пайдалы болып отыр.

2. Бухгалтерлік есепте зияткерлік меншік көбінесе материалдық емес активтер түрінде көрсетіледі (идентификациялау

әдістері, бағалау, есебі мен есептілікте көрініс табуы).

3. Зияткерлік меншік аудиті кәсіпорынның жұмысындағы мәселелерді анықтау үшін, өзгерістер енгізуге қажетті жиынтықты анықтауға мүмкіндік беруі қажет. Әдетте аудит мақсаты алдымен анықталады, яғни нәтижесінде мүмкін болатын ресурстардан жақсысын анықтауға болады.

Әдебиеттер тізімі

1 Никишина, А.Л. Аудит интеллектуального капитала как основа эффективного управления трудовыми знаниями и ресурсами / А.Л. Никишина // Карельский научный журнал.- 2017.-№2 (19).- С.122-125.

2 Соловьев, И.К. (2017). Аудит интеллектуального капитала: новые реалии. [Электронный ресурс] URL: <http://www.go.mail.ru/redirect?type=sr&redirect=eJzLK> (дата обращения 15.01.2020).

3 Жадигерова, Г.А. Международные стандарты аудита: оқу құралы / Г.А. Жадигерова, Ж.К. Туребаева. – Шымкент: Нұрлы бейне, 2019-164с.

4 "Зияткерлік меншік объектілері және материалдық емес активтердің құнын бағалау" бағалау стандартын бекіту туралы 5 мамыр 2018 жылғы №519 бұйрық (2018) [Электрондық ресурс] URL: <http://www.go.mail.ru/redirect?type=sr&redirect=eJzLK> (қаралған күні 15.01.2020).

5 Андыбаева, Г.Т. Ұйымның қаржылық жағдайын талдау: оқу құралы / Г.Т. Андыбаева.- Алматы: LEM, 2016.- 164 б.

6 Жақыпбеков, С.Ж., Сатымбекова К.Б., Ахметова С.С. Интеллектуалдық меншік объектілерін есепке алудың ерекшеліктері / С.Ж. Жақыпбеков, К.Б. Сатымбекова, С.С. Ахметова // Статистика, учет и аудит.- 2018.- N2(69). – Б. 6-11.

7 Халықаралық қаржылық есеп стандарты (2016) [Электрондық ресурс] URL: <http://www.go.mail.ru/redirect?type=sr&redirect=eJzLK> (қаралған күні 15.01.2020).

8 Туребаева, Ж.К. Аудит: учебное пособие / Ж.К. Туребаева. - Шымкент: Нұрлы бейне, 2018. - 160с.

9 Изменения в Типовой план счетов вне-сены Приказом Министра финансов РК от 2 октября 2018 года № 877 (2018) [Электронный ресурс] URL: <http://www.go.mail.ru/redirect?type=sr&redirect=eJzLK5dc86> (дата обращения 17.01.2020).

References

1 Nikishina, A.L. Audit of intellectual capital as the basis for effective management of labor knowledge and resources/ A.L. Nikishina// Karelian scientific journal.- 2017.-№2(19).-P.122-125.

2 Solovyov, I.P. (2017). Auditing intellectual capital: the new realities. [Electronic resource] URL: <http://www.go.mail.ru/redirect?type=sr&redirect=eJzLK> (date of access: 15.01.2020).

3 Jadigerova, G.A. International standards on auditing: textbook / G.A. Jadigerova, J.K. Turbaeva.- Shymkent: "Nurly beyne", 2019-164p.

4 "Valuation of intellectual property and intangible assets" on approval of the valuation standard order No. 519 of may 5 (2018) [Electronic resource] URL <http://www.go.mail.ru/redirect?type=sr&redirect=eJzLK> (date of access: 15.01.2020).

5 Andybayeva, G.T. Analysis of financial state of the organization: textbook / G.T. Andybayeva.- Almaty: LEM, 2016. - 164 p.

6 Zhakypbekov, S.Zh., Satymbekova B.B., Akhmetova S.S. Features of accounting for intellectual property / S. Zhakypbekov, K.B. Satymbekova, S.S. Akhmetova // Statistics, accounting and audit.- 2018. - N2(69). - P. 6-11.

7 International financial reporting standard (2016) [Electronic resource] URL: <http://www.go.mail.ru/redirect?type=sr&redirect=eJzLK> (date of access: 15.01.2020).

8 Turbaeva, G.K. Audit: textbook / G.K. Turbaeva. - Almaty: Nurly video, 2018. - 160p.

9 Changes to the standard chart of accounts were made by Order of the Minister of Finance of the Republic of Kazakhstan dated October 2, 2018 No. 877 (2018) [Electronic resource] URL: <http://www.go.mail.ru/redirect?Type=sr&redirect=eJzLK5dc86> (date of access: 17.01.2020).